

**"Қазақстан Республикасының негізгі куәландырушы орталығының, Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының куәландырушы орталығының және ұлттық куәландырушы орталығының тіркеу куәліктерін беруі, сақтауы, қайтарып алуы және электрондық цифрлық қолтаңбаның ашық кілтiнiң тиесiлiлiгi мен жарамдылығын растау қағидаларын бекiту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрi мiндетiн атқарушының 2015 жылғы 26 маусымдағы № 727 бұйрығына өзгерiстер енгiзу туралы**

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрiнiң 2015 жылғы 9 желтоқсандағы № 1183 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әдiлет министрлiгiнде 2016 жылы 29 ақпанда № 13336 болып тiркелдi

«Нормативтiк құқықтық актiлер туралы» 1998 жылғы 24 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 43-1-бабы 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Қазақстан Республикасының негізгі куәландырушы орталығының, Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының куәландырушы орталығының және ұлттық куәландырушы орталығының тіркеу куәліктерін беруі, сақтауы, қайтарып алуы және электрондық цифрлық қолтаңбаның ашық кілтiнiң тиесiлiлiгi мен жарамдылығын растау қағидаларын бекiту туралы» Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрi мiндетiн атқарушының 2015 жылғы 26 маусымдағы № 727 бұйрығына ( Нормативтiк құқықтық актiлерiн мемлекеттiк тiркеу тiзiлiмiнде 12181 болып тiркелдi, « Әдiлет» ақпараттық-құқықтық жүйесi 2015 жылғы 29 қазанда жарияланған) мынадай өзгерiстер енгiзiлсiн:

атауы мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасының негізгі куәландырушы орталығының, мемлекеттік органдардың куәландырушы орталығының және Қазақстан Республикасының ұлттық куәландырушы орталығының тіркеу куәліктерін беру, сақтау, кері қайтарып алу және электрондық цифрлық қолтаңбаның ашық кілтiнiң тиесiлiлiгi мен жарамдылығын растау қағидаларын бекiту туралы»;  
кiрiспе мынадай редакцияда жазылсын:

«Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» 2003 жылғы 7 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 1-тармағының 12) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:»** ;

көрсетiлген бұйрықпен бекiтiлген Қазақстан Республикасының негiзгi куәландырушы орталығының тiркеу куәлiктерiн беруi, сақтауы, қайтарып алуы және электрондық цифрлық қолтаңбаның ашық кiлтiнiң тиесiлiлiгi мен жарамдылығын растау қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Осы Қазақстан Республикасының негізгі куәландырушы орталығының тіркеу куәліктерін беру, сақтау, кері қайтарып алу және электрондық цифрлық қолтаңбаның ашық кілтінің тиесілілігі мен жарамдылығын растау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» 2003 жылғы 7 қантардағы Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 1-тармағының 12) тармақшасына (бұдан әрі – Заң) сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасының негізгі куәландырушы орталығының тіркеу куәліктерін беру, сақтау, кері қайтарып алу және электрондық цифрлық қолтаңбасы ашық кілтінің тиесілілігі мен жарамдылығын растау тәртібін айқындайды.»;

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«8. ҚР НКО мынадай жағдайларда куәландырушы орталыққа тіркеу куәліктерін беруден бас тартады:

- 1) ұсынылған құжаттар толық болмаған;
- 2) анық емес мәліметтер ұсынылған;
- 3) соттың заңды күшіне енген шешіміне сәйкес;
- 4) адам он алты жасқа толмаған жағдайларда, тіркеу куәлігін беруден бас тартады.

Куәландырушы орталыққа тіркеу куәлігін беруден бас тарту туралы дәлелді жазбаша жауап өтініш берушіге пошта немесе арнайы пошта байланысы арқылы, сондай-ақ қолма-қол өтініш беруші ҚР НКО-ға жүгінген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде беріледі.»;

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«13. Куәландырушы орталықтың тіркеу куәлігін кері қайтарып алу мынадай жағдайларда жүзеге асырылады:

1) осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тіркеу куәлігін кері қайтаруға өтініштің негізінде тіркеу куәлігі иесінің немесе оның өкілінің талабы бойынша;

2) тіркеу куәлігін алған кезде анық емес мәліметтер беру фактісі анықталғанда;

3) тіркеу куәлігінің иесі қайтыс болғанда;

4) тіркеу куәлігін иеленушінің тегі, аты немесе әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе) өзгергенде;

5) тіркеу куәлігін иеленуші – заңды тұлғаның атауы ауысқанда, ол қайта ұйымдастырылғанда, таратылғанда;

6) куәландырушы орталық пен тіркеу куәлігінің иесі арасындағы келісімде көзделген жағдайларда;

7) заңды күшіне енген сот шешімі бойынша кері қайтарып алады.»;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының куәландырушы орталығының тіркеу куәліктерін беруі, сақтауы, қайтарып алуы және электрондық цифрлық қолтаңбаның ашық кілтінің тиесілілігі мен

жарамдылығын растау қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Осы мемлекеттік органдардың куәландырушы орталығының тіркеу куәліктерін беру, сақтау, кері қайтарып алу және электрондық цифрлық қолтаңба ашық кілтінің тиесілілігі мен жарамдылығын растау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» 2003 жылғы 7 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 1-тармағының 12) тармақшасына (бұдан әрі – Заң) сәйкес әзірленді және мемлекеттік органдардың куәландырушы орталығының тіркеу куәліктерін беру, сақтау, кері қайтарып алу және электрондық цифрлық қолтаңба ашық кілтінің тиесілілігі мен жарамдылығын растау тәртібін а й қ ы н д а й д ы . » ;

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«12. МО КО мына жағдайларда тіркеу куәлігін беруден бас тартады:

- 1) ұсынылған құжаттар толық болмаған;
- 2) анық емес мәліметтер ұсынылған;
- 3) соттың заңды күшіне енген шешіміне сәйкес;
- 4) адам он алты жасқа толмаған жағдайларда, тіркеу куәлігін беруден бас тартады.»;

18-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«18. МО КО операторы мынадай жағдайларда тіркеу куәлігін кері қайтарып алады:

1) осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тіркеу куәлігін кері қайтарып алуға арналған хаттың негізінде тіркеу куәлігі иесінің немесе оның өкілінің т а л а п е т у і б о й ы н ш а ;

2) тіркеу куәлігін алған кезде анық емес мәліметтер беру фактісі анықталғанда;

3) тіркеу куәлігінің иесі қайтыс болғанда;

4) тіркеу куәлігін иеленушінің тегі, аты немесе әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе) өзгергенде;

5) тіркеу куәлігін иеленуші – заңды тұлғаның атауы ауысқанда, ол қайта ұйымдастырылғанда, т а р а т ы л ғ а н д а ;

6) куәландырушы орталық пен тіркеу куәлігінің иесі арасындағы келісімде к ө з д е л г е н ж а ғ д а й л а р д а ;

7) заңды күшіне енген сот шешімі бойынша кері қайтарып алады.»;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасы ұлттық куәландырушы орталығының тіркеу куәліктерін беруі, сақтауы, қайтарып алуы және электрондық цифрлық қолтаңба ашық кілтінің тиесілілігі мен жарамдылығын растау қағидалары осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитеті (Т.Б. Қазанғап):

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік т і р к е л у і н ;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның баспа және мерзімді баспа басылымдарында және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Республикалық құқықтық ақпарат орталығына ресми жариялауға оның көшірмелерін баспа және электронды түрде жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастыруды;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Заң департаментіне осы бұйрықтың 2-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қ а м т а м а с ы з е т с і н .

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң  
И н в е с т и ц и я л а р ж әне д а м у  
м и н и с т р і  
Ә. Исекешев

« К Е Л І С І Л Д І »

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң  
Қ а р ж ы м и н и с т р і  
Б. Сұлтанов

2016 жылғы 26 қаңтар

« К Е Л І С І Л Д І »

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң  
М ә д е н и е т ж әне с п о р т м и н и с т р і  
А. Мұхамедиұлы

2016 жылғы 28 қаңтар

« К Е Л І С І Л Д І »

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң  
С ы р т қ ы і с т е р м и н и с т р і  
Е. Ыдырысов

2016 жылғы 19 қаңтар

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы  
И н в е с т и ц и я л а р ж әне д а м у м и н и с т р і н і ң  
2 0 1 5 ж ыл ғы 9 ж е л т о қ с а н д а ғы

№ 1183 б ұ й р ы ғ ы н а

қосымша

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Инвестициялар және даму министрінің

міндетін атқарушының

2015 жылғы 26 маусымдағы

№ 727 б ұ й р ы ғ ы н а

3-қосымша

**Қазақстан Республикасының ұлттық куәландырушы орталығының тіркеу куәліктерін беруі, сақтауы, қайтарып алуы және электрондық цифрлық қолтаңба ашық кілтінің тиесілілігі мен жарамдылығын растау қағидалары 1. Жалпы ережелер**

1. Осы Қазақстан Республикасының ұлттық куәландырушы орталығының тіркеу куәліктерін беру, сақтау, кері қайтарып алу және электрондық цифрлық қолтаңба ашық кілтінің тиесілілігі мен жарамдылығын растау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» 2003 жылғы 7 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 1-тармағының 12) тармақшасына (бұдан әрі – Заң) сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасының ұлттық куәландырушы орталығының тіркеу куәліктерін беруі, сақтауы, кері қайтарып алуы және электрондық цифрлық қолтаңбасы ашық кілтінің тиесілілігі мен жарамдылығын растау тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) объектілік сәйкестендіру (бұдан әрі – OID) – объектімен байланысқан және оны бір мәнді етіп объектілердің әлемдік адрестік кеңістігінде сәйкестендіретін цифрлардың бірегей жиынтағы;

2) ақпаратты криптографиялық қорғау құралы (бұдан әрі – АКҚК) – криптографиялық түрлендірудің алгоритмдерін, кілттерді құрастыруды, қалыптастыруды, бөлуді немесе басқаруды іске асыратын құрал;

3) кері қайтарып алынған тіркеу куәлігі – қолданысы осы Қағидаларда белгіленген тәртіпте тоқтатылған тіркеу куәлігі;

4) кері қайтарып алынған тіркеу куәліктерінің тізімі (бұдан әрі – ҚТКТ) – қолданысы тоқтатылған тіркеу куәліктері, олардың сериялық нөмірлері, қайтарылған күні және себебі туралы мәліметтерді қамтитын тіркеу куәліктері тіркелімінің бөлігі;

5) Қазақстан Республикасының Ұлттық куәландырушы орталығы (бұдан әрі – ҰКО) – «электрондық үкіметтің», мемлекеттік және мемлекеттік емес ақпараттық жүйелердің қатысушыларына қызмет көрсететін куәландырушы орталық;

6) өтініш беруші – жеке немесе заңды тұлға;

7) тіркеу куәлігі – куәландырушы орталық электрондық цифрлық қолтаңбаның Заңда белгіленген талаптарға сәйкестігін растау үшін беретін қағаз жеткізгіштегі құжат немесе электрондық құжат;

8) тіркеу куәлігінің иесі - оның атына ҰКО тіркеу куәлігі берілген, тіркеу куәлігінде көрсетілген ашық кілтке сәйкес жабық кілтті заңды түрде иеленетін жеке немесе заңды тұлға;

9) электрондық құжат айналымы жүйесіне қатысушы - электрондық құжаттарды жинау, өңдеу, сақтау, беру, іздестіру және тарату процестеріне қатысатын жеке немесе заңды тұлға, мемлекеттік орган немесе лауазымды адам;

10) электрондық құжат айналымы жүйесі (бұдан әрі – ЭҚАЖ)- қатысушылары арасындағы қатынастар осы Заңмен және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерімен реттелетін электрондық құжаттармен алмасу жүйесі;

11) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦҚ) – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасылған және электрондық құжаттың дұрыстығын, оның тиесілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық нышандар терілімі;

12) ЭЦҚ құралдары – ЭЦҚ құру және оның түпнұсқалығын тексеру үшін пайдаланылатын бағдарламалық және техникалық құралдардың жиынтығы.

3. Тіркеу куәліктері жеке және заңды тұлғаларға, оның ішінде интернет-ресурсының домендік атауының иелеріне, «Қазынашылық – клиент» ақпараттық жүйесінің қатысушыларына, шет мемлекеттердің жеке және заңды тұлғаларына беріледі.

## **2. ҰКО өтініш берушісіне тіркеу куәліктерін беру тәртібі**

4. Тіркеу куәлігін алу үшін Қазақстан Республикасының жеке тұлғалары ҰКО-ға мына құжаттарды ұсынады:

1) [www.egov.kz](http://www.egov.kz) «электрондық үкімет» веб-порталынан (бұдан әрі – портал) немесе [www.pki.gov.kz](http://www.pki.gov.kz) интернет-ресурсынан (бұдан әрі-интернет-ресурс) алынған осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ҰКО тіркеу куәліктерін беруге өтініш (жеке тұлғадан);

2) өтініш берушінің жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – ЖСН) қамтитын өтініш берушінің жеке басын куәландыратын құжат;

3) жеке тұлғаның мүдделерін үшінші тұлға білдірген кезде – ҰКО-ның тіркеу куәліктерін беруге құжаттарды ұсынуға және сенімхатпен айқындалған тапсырманы орындау үшін тиісті құжаттарға қол қою өкілеттігінің көрсетілуімен жеке тұлғаның өкіліне нотариалды куәландырылған сенімхат.

5. Тіркеу куәліктерін алу үшін бірлескен кәсіпкерлік түрінде қызметін жүзеге асыратын дара кәсіпкерлер ҰКО-ға мынадай құжаттарды ұсынады:

1) ҰКО тіркеу куәліктерін алуға (заңды тұлғаның және қызметін бірлескен кәсіпкерлік түрінде жүзеге асыратын жеке кәсіпкердің атынан) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тіркеу куәлігін беруге порталдан немесе интернет-ресурстан алынған және бірегей нөмірді қамтитын қағаз тасығыштағы өтініш;

2) өтініш берушінің ЖСН қамтитын өтініш берушінің жеке басын куәландыратын қ ұ ж а т ;

3) жеке тұлғаның мүдделерін үшінші тұлға білдірген кезде – ҰКО-ның тіркеу куәліктерін беруге құжаттарды ұсынуға және сенімхатпен айқындалған тапсырманы орындау үшін тиісті құжаттарға қол қою өкілеттігінің көрсетілуімен жеке тұлғаның өкіліне нотариалды куәландырылған сенімхат.

4) өтініште көрсетілген деректерді тексеру үшін өтініш беруші анықтаманы немесе бірлескен кәсіпкерлік түрінде жүзеге асыратын дара кәсіпкер үшін - дара кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы куәлігін (болған кезде) ұсынады.

6. Тіркеу куәліктерін алу үшін Қазақстан Республикасының заңды тұлғалары ҰКО-ға мынадай құжаттарды ұсынады:

1) ҰКО тіркеу куәліктерін алуға (заңды тұлғаның және қызметін бірлескен кәсіпкерлік түрінде жүзеге асыратын жеке кәсіпкердің атынан) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тіркеу куәлігін беруге порталдан немесе интернет-ресурстан алынған және бірегей нөмірді қамтитын қағаз тасығыштағы өтініш;

2) өтініш берушінің ЖСН қамтитын өтініш беруші өкілінің жеке басын куәландыратын қ ұ ж а т ;

3) осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ҰКО тіркеу куәлігін бір рет алуға немесе кері қайтаруға заңды тұлғаға арналған қағаз тасығыштағы сенімхат;

4) өтініште көрсетілген деректерді тексеру үшін өтініш беруші анықтаманы немесе құрамында заңды тұлғаның бизнес-сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – БСН) бар заңды тұлғаның мемлекеттік тіркеу туралы куәлігін (болған кезде) ұсынады.

ҰКО жүгінуге дейін заңды тұлғаның қызметкеріне тіркеу куәліктерін алу үшін заңды тұлғаның бірінші басшысы немесе оның міндетін атқарушы тұлға өзінің электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландыру жолымен заңды тұлғаның қызметкері берген тіркеу куәліктерін беруге арналған өтінімді интернет-ресурс арқылы растайды.

Заңды тұлғаның бірінші басшысына немесе оның міндетін атқарушы тұлғаға сенімхаттың орнына жұмыс орнынан анықтама немесе заңды тұлғаның мөрімен куәландырылған бірінші басшының лауазымына немесе оның міндетін атқарушы тұлғаны тағайындау туралы бұйрықтың (шешімнің, хаттаманың) көшірмесі.

7. Тіркеу куәліктерін алу үшін интернет-ресурстың домендік атауын иеленуші (жеке тұлға) ҰКО-ға мынадай құжаттарды ұсынады:

1) осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ҰКО тіркеу куәлігінің SSL беруге порталдан немесе интернет-ресурстан алынған және бірегей нөмірді қамтитын

қағаз

тасығыштағы

өтініш;

2) өтініш берушінің ЖСН қамтитын өтініш берушінің жеке басын куәландыратын құжат;

3) жеке тұлғаның мүдделерін үшінші тұлға білдірген кезде – ҰКО-ның тіркеу куәліктерін беруге құжаттарды ұсынуға және сенімхатпен айқындалған тапсырманы орындау үшін тиісті құжаттарға қол қою өкілеттігінің көрсетілуімен жеке тұлғаның өкіліне нотариалды куәландырылған сенімхат.

4) қағаз тасығыштағы интернет-ресурстың домендік атауын иелену құқығын растайтын құжаттардың бірі:

Қазақстан желілік ақпарат орталығы берген домендік атауды иелену туралы сертификат;

WHOIS-дан үзінді көшірме (.KZ және.ҚАЗ домендік атауын іздеу).

8. Тіркеу куәліктерін алу үшін интернет-ресурстың домендік атауын иеленуші (заңды тұлға) ҰКО-ға мынадай құжаттарды ұсынады:

1) осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ҰКО тіркеу куәлігінің SSL беруге порталдан немесе интернет-ресурстан алынған және бірегей нөмірді қамтитын

қағаз тасығыштағы өтініш;

2) өтініш берушінің ЖСН қамтитын өтініш берушінің жеке басын куәландыратын құжат;

3) осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ҰКО тіркеу куәлігін бір рет алуға немесе кері қайтаруға заңды тұлғаға арналған қағаз тасығыштағы сенімхат;

4) қағаз тасығыштағы интернет-ресурстың домендік атауын иелену құқығын растайтын құжаттардың бірі:

Қазақстан желілік ақпарат орталығы берген домендік атауды иелену туралы сертификат;

WHOIS-дан үзінді көшірме (.KZ және.ҚАЗ домендік атауын іздеу).

9. Тіркеу куәліктерін алу үшін «Қазынашылық – клиент» ақпараттық жүйесінің қатысушылары ҰКО-ға мынадай құжаттарды ұсынады:

1) ҰКО тіркеу куәліктерін беруге («Қазынашылық-Клиент» АЖ қолданушылары үшін заңды тұлғадан) осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша порталдан немесе интернет-ресурстан алынған және бірегей нөмірді қамтитын қағаз тасығыштағы өтініш;

2) өтініш берушінің ЖСН қамтитын өтініш беруші өкілінің жеке басын куәландыратын құжат;

3) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазынашылық комитеті мен клиент арасындағы ЭЦҚ пайдалану туралы келісім немесе қосымша келісім (егер келісімге (қосымша келісімге) қол қою күнін қоспағанда, келісімге қол қою күні мен келісімді немесе қосымша келісімді ҰКО ұсыну күні үш жұмыс күнінен артық болса, аталған келісім қабылданбайды);



4) өтініш берушінің мүдделерін үшінші тұлға білдірген кезде – осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ҰКО тіркеу куәлігін бір рет алуға немесе кері қайтаруға заңды тұлғаға арналған қағаз тасығыштағы сенімхат.

10. Тіркеу куәліктерін алу үшін шет мемлекеттерінің жеке тұлғалары ҰКО-ға мынадай құжаттарды ұсынады:

1) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ҰКО тіркеу куәлігін беруге (жеке тұлғадан) порталдан немесе интернет-ресурстан алынған және бірегей нөмірді қамтитын қағаз тасығыштағы өтініш;

2) өтініш берушінің жеке басын куәландыратын құжат;

3) ЖСН қамтитын және осы жеке тұлға азаматы Қазақстан Республикасы аумағында тіркелгенін растайтын құжаттардың бірі: Қазақстан Республикасындағы шетелдіктің ықтиярхаты; азаматтығы жоқ тұлғаның куәлігі; шетелдіктерге арналған тіркеу куәлігі;

4) жеке тұлғаның мүдделерін үшінші тұлға білдірген кезде – ҰКО-ның тіркеу куәліктерін беруге құжаттарды ұсынуға және сенімхатпен айқындалған тапсырманы орындау үшін тиісті құжаттарға қол қою өкілеттігінің көрсетілуімен жеке тұлғаның өкіліне нотариалды куәландырылған сенімхат.

11. Тіркеу куәліктерін алу үшін шет мемлекеттерінің заңды тұлғалары ҰКО-ға мынадай құжаттарды ұсынады:

1) ҰКО тіркеу куәліктерін алуға (заңды тұлғаның және қызметін бірлескен кәсіпкерлік түрінде жүзеге асыратын жеке кәсіпкердің атынан) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тіркеу куәлігін беруге порталдан немесе интернет-ресурстан алынған және бірегей нөмірді қамтитын қағаз тасығыштағы өтініш;

2) өтініш беруші өкілінің жеке басын куәландыратын құжат;

3) БСН қамтитын және осы жеке тұлға азаматы Қазақстан Республикасы аумағында тіркелгенін растайтын құжаттардың бірі: Қазақстан Республикасындағы шетелдіктің ықтиярхаты; азаматтығы жоқ тұлғаның куәлігі; шетелдіктерге арналған тіркеу куәлігі;

4) осы шет мемлекетінің заңды тұлғасы Қазақстан Республикасы аумағында тіркелгенін растайтын және БСН қамтитын құжаттардың бірі:

Қазақстан Республикасында қызметін филиалдар және өкілдіктер арқылы (тұрақты мекеме құрумен) жүзеге асыратын резидент емес заңды тұлғалар үшін - филиалды, өкілдікті есептік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама немесе куәлік (болған кезде);

мыналар:

«Салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы кодексінің (Салық кодексі) 197-бабының 5-тармағына (бұдан әрі - Салық кодексі) сәйкес салық агенттері болып

табылатын;

Қазақстан Республикасында салық салу объектілері бар;  
дипломатиялық және шет мемлекеттің оларға теңелген өкілдігі болып табылатын,  
Қазақстан Республикасында аккредиттелген;

Салық кодексінің 191-бабының 8-тармағына сәйкес оның тұрақты мекемесі болып  
қаралатын, тәуелді агент арқылы қызметін жүзеге асыратын;  
филиал, өкілдік ашпай, тұрақты мекеме арқылы қызметін жүзеге асыратын;  
ағымдағы шоттарын резидент-банктерде ашатын резидент емес заңды тұлғаларға  
арналған тіркеу куәлігі;

5) осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ҰКО тіркеу куәлігін бір  
рет алуға немесе кері қайтаруға заңды тұлғаға арналған қағаз тасығыштағы сенімхат.

Заңды тұлғаның бірінші басшысына немесе оның міндетін атқарушы тұлғаға  
сенімхаттың орнына қағаз тасығыштағы жұмыс орнынан анықтама немесе бірінші  
басшының лауазымына немесе оның міндетін атқарушы заңды тұлғаның мөрімен  
куәландырылған тұлғаны тағайындау туралы бұйрықтың (шешімнің, хаттаманың)  
көшірмесі.

12. ҰКО тіркеу куәлігінің иесі («Қазынашылық - клиент» ақпараттық жүйесінің  
қатысушыларын қоспағанда) тіркеу куәліктерін екінші рет алған жағдайда, порталдан  
немесе интернет-ресурстан тіркеу куәліктерін алу үшін электрондық құжат насанында  
ашық кілт(ерді) қамтитын және оның ЭЦҚ куәландырылған сұрау салуды жібереді.

13. ҰКО және тіркеу куәлігінің иесі тіркеу куәлігін жедел шығару немесе кері  
қайтару қажет болған кезде тіркеу куәлігін беру және кері қайтару туралы өзара келісім  
жасай алады.

14. Құжаттар пакетін қабылдау кезінде ҰКО қызметкері өтініш беруші берген  
құжаттардың толықтығын тексереді, «Жеке тұлғалар» немесе «Заңды тұлғалар»  
мемлекеттік деректер қоры ақпараттық жүйесіндегі деректерді көрсетілетін қызметті  
алушы құжаттарының түпнұсқаларымен тексеріп салыстырады және түпнұсқаларын  
көрсетілетін қызметті алушыға қайтарады.

ҰКО қызметкері осы қағидалардың 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11-тармақтарына сәйкес  
құжаттарды қабылдаған кезде өтініш берушіге:

1) сұрау салуды қабылдау күні мен нөмірін;

2) сұрау салынған қызметтің түрін;

3) қоса берілген құжаттардың саны мен атауын;

4) құжаттарды беру орны мен күнін (уақытын);

5) құжаттарды ресімдеуге сұрау салуды қабылдаған ҰКО қызметкерінің тегін, атын,  
әкесінің атын;

6) өтініш берушінің немесе уәкілетті өкілдің тегін, атын, әкесінің атын және  
олардың байланыс телефондарын көрсете отырып, тиісті құжаттарды қабылдағаны  
туралы қолхат береді.

Сонымен қатар өтініш берушінің қызметті көрсетуге сұрау салуды қабылдау туралы өтініште көрсетілген электрондық пошта мекенжайына хабарлама-есеп жіберіледі.

15. Өтініш берушіге тіркеу куәліктерін беру осы Қағидалардың 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10 және 11-тармақтарына сәйкес құжаттар келіп түскеннен кейін бір жұмыс күні ішінде ҰҚО - да жүзеге асырылады.

16. Порталдан немесе интернет-ресурстан тіркеу куәлігін өтініш берушіге беру ашық кілттерді қамтитын электрондық құжат нысанында сұрау салу түскеннен кейін өтініш берушіде қолданыстағы тіркеу куәлігі бар болған кезде бір жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

17. Тіркеу куәлігін беру құрылымдары осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес электрондық құжат нысанында жүзеге асырады.

18. Өтініш беруші осы Қағидалардың 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11-тармақтарында көрсетілген құжаттарды ұсынбаған жағдайда, өтініш беруші электрондық құжат нысанында портал немесе интернет-ресурс арқылы тіркеу куәлігін алуға берген өтінім, өтінім берілген сәттен бастап бір ай өткен соң кері қайтарып алынады.

19. Тіркеу куәлігін тіркеу тіркеу, куәлігінің мазмұнын құрайтын, тіркеу куәліктері жазбаларының (мәліметтер) тіркелімінде қалыптастыру жолымен жүзеге асырылады. ҰҚО айырмашылық ерекшеліктері үшін тіркеу куәлікке объектілік сәйкестендіруді (O I D ) тағайындайды.

20. Тіркеу куәліктерін иесіне беру ҰҚО-да электрондық ақпаратты тасығышы (чипі) бар жеке куәлікке және (немесе) ақпараттық криптографиялық қорғау құралдарын қамтитын sim-картаға жазу арқылы, сондай-ақ портал немесе интернет-ресурс арқылы жүргізіледі.

21. ҰҚО келесі жағдайларда тіркеу куәліктерін беруден бас тартады:

- 1) ұсынылған құжаттар толық болмаған;
- 2) анық емес мәліметтер ұсынылған;
- 3) соттың заңды күшіне енген шешіміне сәйкес;
- 4) адам он алты жасқа толмаған жағдайларда, тіркеу куәлігін беруден бас тартады.

Порталдың немесе интернет-ресурстың жұмысында техникалық іркілістер болған жағдайда, тіркеу куәліктерін беру порталдың немесе интернет-ресурстың жұмысы қалпына келтірілгенге дейін тоқтатылады.

22. Тіркеу куәлігінің жарамдылық мерзімі оны шығарған сәттен бастап бір жылды құрайды.

### **3. ҰҚО берген тіркеу куәліктерін сақтау тәртібі**

23. ҰҚО берілген тіркеу куәліктерінің көшірмелерін электрондық нысанда сақтауды қамтамасыз етеді.

24. Кері қайтарып алынған тіркеу куәліктерін тіркеу куәліктерінің тіркелімінде

сақтау мерзімі кем дегенде бес жылды құрайды.

25. Осы Қағидалардың 24-тармағында көрсетілген мерзім аяқталғаннан кейін кері қайтарып алынған тіркеу куәліктері «Сақтау мерзімдерін көрсете отырып, мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдар қызметінде жасалатын үлгілік құжаттар тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2015 жылғы 26 қаңтардағы № 22 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізімінде № 10345 тіркелген) сәйкес мұрағаттық сақтауға түседі.

#### **4. Тіркеу куәлігін кері қайтарып алу тәртібі**

26. Тіркеу куәлігінің иесі куәлігін Қазақстан Республикасының жеке тұлғасының, жеке тұлға – интернет-ресурсының домен атауын иеленуші, жеке тұлға – резидент емес ұсынған тіркеу куәліктері мынадай құжаттардың негізінде тіркеу куәлігі ҰҚО-ға кері қайтарылады:

1) ҰҚО тіркеу куәліктерін жеке тұлғадан, жеке тұлға – интернет-ресурстың домен атауын иеленуші, жеке тұлға – резидент емес осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кері қайтаруға порталдан немесе интернет-ресурстан алынған қағаз тасығыштағы кері қайтарып алуға өтініш;

2) тіркеу куәліктері иесінің жеке басын куәландыратын құжат;

3) жеке тұлғаның мүдделерін үшінші тұлға білдірген кезде – ҰҚО-ның тіркеу куәліктерін кері қайтарып алуға құжаттарды ұсынуға және сенімхатпен айқындалған тапсырманы орындау үшін тиісті құжаттарға қол қою өкілеттігінің көрсетілуімен жеке тұлғаның өкіліне нотариалды куәландырылған сенімхат.

27. Тіркеу куәлігі қызметін Қазақстан Республикасының бірлескен кәсіпкерлік түрінде жүзеге асыратын тіркеу куәліктерінің иесі – дара кәсіпкер ұсынған мынадай құжаттардың негізінде ҰҚО-ға кері қайтарылады:

1) ҰҚО тіркеу куәліктерін заңды тұлға, қызметін бірлескен кәсіпкерлік түрінде жүзеге асыратын дара кәсіпкер, заңды тұлға – интернет-ресурстың домен атауын иеленуші, «Қазынашылық-Клиент» ақпараттық жүйесіне қатысушы, заңды тұлға – резидент емес атынан осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кері қайтаруға порталдан немесе интернет-ресурстан алынған заңды тұлғаның мөрімен расталған қағаз тасығыштағы өтініш немесе өтініш берушіні жұмыстан босату туралы бұйрықтан үзінді. Жұмыстан босату туралы бұйрықтан үзінді ұсынылған жағдайда, басшының қолы мен ұйымның мөрі талап етілмейді;

2) тіркеу куәліктері иесінің жеке басын куәландыратын құжат;

3) жеке тұлғаның мүдделерін үшінші тұлға білдірген кезде – ҰҚО-ның тіркеу куәліктерін кері қайтарып алуға құжаттарды ұсынуға және сенімхатпен айқындалған тапсырманы орындау үшін тиісті құжаттарға қол қою өкілеттігінің көрсетілуімен жеке тұлғаның өкіліне нотариалды куәландырылған сенімхат.

28. Тіркеу куәлігі тіркеу куәліктерінің иесі – заңды тұлға, заңды тұлға – интернет-ресурстың домен атауын иеленуші, «Қазынашылық-Клиент» ақпараттық жүйесіне қатысушы, жеке тұлға – резидент емес ұсынған мынадай құжаттардың негізінде ҰКО-ға кері қайтарылады:

1) ҰКО тіркеу куәліктерін заңды тұлға, қызметін бірлескен кәсіпкерлік түрінде жүзеге асыратын дара кәсіпкер, заңды тұлға – интернет-ресурстың домен атауын иеленуші, «Қазынашылық-Клиент» ақпараттық жүйесіне қатысушы, заңды тұлға – резидент емес атынан осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кері қайтаруға порталдан немесе интернет-ресурстан алынған заңды тұлғаның мөрімен расталған қағаз тасығыштағы өтініш немесе өтініш берушіні жұмыстан босату туралы бұйрықтан үзінді. Жұмыстан босату туралы бұйрықтан үзінді ұсынылған жағдайда, басшының қолы мен ұйымның мөрі талап етілмейді;

2) тіркеу куәліктері иесінің жеке басын куәландыратын құжат;

3) осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ҰКО тіркеу куәлігін бір рет алуға немесе кері қайтаруға заңды тұлғаға арналған қағаз тасығыштағы сенімхат;

29. Ашық кілт(ерд)і қамтитын және тіркеу куәлігі иесінің ЭЦҚ куәландырылған, электрондық құжат нысанындағы сұрау салудың негізінде тіркеу куәлігі портал немесе интернет-ресурс арқылы кері қайтарылады.

30. Сонымен қатар тіркеу куәлігі:

1) тіркеу куәлігі иесінің немесе оның өкілінің талап етуі бойынша;

2) тіркеу куәлігін алған кезде анық емес мәліметтер беру фактісі анықталғанда;

3) тіркеу куәлігінің иесі қайтыс болғанда;

4) тіркеу куәлігін иеленушінің тегі, аты немесе әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе) өзгергенде;

5) тіркеу куәлігін иеленуші – заңды тұлғаның атауы ауысқанда, ол қайта ұйымдастырылғанда, таратылғанда;

6) куәландырушы орталық пен тіркеу куәлігінің иесі арасындағы келісімде көзделген жағдайларда;

7) заңды күшіне енген сот шешімі бойынша кері қайтарып алады.

31. Порталдың немесе интернет-ресурстың жұмысында техникалық іркілістер болған жағдайда, тіркеу куәліктерін кері қайтарып алу порталдың немесе интернет-ресурстың жұмысы қалпына келтірілгенге дейін тоқтатылады.

32. Тіркеу куәліктерінің иесі осы Қағидалардың 26, 27, 28-тармақтарында көрсетілген өзінің деректерін өтініште дұрыс толтырғанын дәлелдегеннен кейін ҰКО тіркеу куәлігін кері қайтарып алу күнін, себебін және уақытын көрсете отырып, тіркеу куәліктерінің тіркеліміне тіркеу куәлігінің әрекетін тоқтату туралы жазбалар енгізеді.

33. ҰКО-ға жүгінген кезде тіркеу куәліктерін кері қайтарып алу осы қағидалардың 26, 27, 28-тармақтарына сәйкес құжаттар келіп түскеннен кейін бір жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

34. Иесінде жарамды кілттер болған кезде ашық кілт(ерд)і қамтитын, электрондық құжат нысанындағы сұрау салу келіп түскеннен кейін тіркеу куәліктерін портал немесе интернет-ресурс арқылы кері қайтару бір жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

Бұл ретте өтініштегі мәліметтер тіркеу куәліктері иесінің қолданыстағы ЭЦҚ р а с т а л а д ы .

35. ҰКО кері қайтарылған тіркеу куәліктері туралы мәліметтерді, олардың сериялық нөмірлерін, ҚТКТ-ға қайтару күні мен себебін Интернет желісінде жариялайды.

## **5. Электрондық цифрлық қолтаңба ашық кілтінің тиесілілігі мен жарамдылығын растау тәртібі**

36. ЭЦҚ ашық кілтінің тиесілілігін және жарамдылығын растауды ЭҚАЖ қатысушылар электрондық құжаттармен алмасқан кезде ЭҚАЖ қатысушы немесе болған жағдайда ақпараттық жүйе жүзеге асырады.

37. ЭҚАЖ қатысушы қол қоюшы тараптың тіркеу куәлігін қамтитын электрондық құжатты алған кезде ЭЦҚ ашық кілтінің тиесілілігін және жарамдылығын растауға қ а т ы с т ы о н ы т е к с е р у д і :

қол қоюшы тараптың тіркеу куәлігін тексеру;  
электрондық құжаттағы ЭЦҚ-ны тексеру арқылы жүзеге асырады.

38. Қол қоюшы тараптың нақтылығына қатысты тіркеу куәліктерін тексеру ҰКО АКҚҚ пайдалана отырып, келесі тексерулерді орындау жолымен жүзеге асырылады:

куәландырушы орталықтардың аралық тіркеу куәліктерін ескере отырып, тексерілетін тіркеу куәлігінен куәландырушы орталығының сенім білдірілген негізгі тіркеу куәлігіне дейін дұрыс тізбегінің құрылуын тексеру;

тіркеу куәлігінің қолданылу мерзімін тексеру. Куәландырушы орталықтардың аралық тіркеу куәліктерін ескере отырып, тексерілетін тіркеу куәлігінен куәландырушы орталықтың сенім білдірілген негізгі тіркеу куәлігіне дейін жарамдылық мерзімдерін т е к с е р у ;

тіркеу куәлігінің қайтарылғандығын тексеру. Қол қоюшы тараптың тіркеу куәлігін кері қайтаруға қатысты тексеру мына әдістердің бірін қолдану арқылы жүзеге а с ы р ы л а д ы :

ҰКО ҚТКТ негізінде. Бұл тексеру әдісі тексеріліп отырған тіркеу куәлігі ҰКО ҚТКТ қолданылу басталған сәтте қайтарылғандығынын растайды;

OCSP (On-line Certificate Status Protocol) хаттамасына негізделген тіркеу куәлігінің қайтарылғандығын онлайн тексеру. Бұл тексеру әдісі тексеріліп отырған тіркеу куәлігі сұрау салынған сәтте (ағымдағы уақыт) қайтарылғандығынын растайды;

қосымша ҚТКТ негізінде. Аталған сервисті ҚТКТ сервисімен бірігіп пайдалану қажет. Бұл ҚТКТ сервисіне қарағанда барынша өзектендірілген ақпаратты алуға

мүмкіндік береді. Бұл тексеріс тәсілі тексеріліп отырған тіркеу куәлігі қосымша ҰКО ҚТКТ қолданылу мерзімі басталған сәтте қайтарылғандығынын растайды;

кілтті пайдалану саласын тексеру. Тексеру «кілтті пайдалану» (KeyUsage) тіркеу куәлігі өрісінің мәнін тексеруді қамтиды. Егер «кілтті пайдалану» өрісі «Цифрлық қолтаңба» мен «Бас тартпаушылық» мәндерін қамтитын болса онда, көрсетілген тіркеу куәлігі ЭЦҚ үшін пайдаланылады. Ал егер «кілтті пайдалану» өрісі «Цифрлық қолтаңба» мен «Кілттерді шифрлау» мәндерін қамтитын болса онда осы, көрсетілген тіркеу куәлігі сәйкестендіру үшін пайдаланылады;

тіркеу куәлігі саясатының нөмірін және рұқсат етілген оны қолдану әдістерін тексеру. Егер тексерілетін тіркеу куәлігінің саясаты оны пайдалануды шектеуді көздейтін болса (тек бір ғана жүйеде), онда осы тіркеу куәлігі және оның тиісті жабық кілті басқа жүйелерде пайдаланылмайды;

уақыт белгісін тексеру. Уақыттың көрсетілген кезеңінде құжатқа қол қоюдың дәлелі ҰКО алынған және құжатқа қол қою уақытын қамтитын уақыт белгісінің түбіртегі болып табылады. Осы тексеру ұзақ мерзімді сақталудағы электрондық құжаттар үшін жүргізіледі және құжатқа қол қойылған сәтте кезеңінде қалыптасады;

құжатқа қол қоятын тұлғаның өкілеттігі. Өкілеттік тексерісінің механизмдері ақпараттық жүйеге жүктеледі. Өкілеттік тексерісін, ол туралы ақпарат тіркеу куәлігінде болған жағдайда тексеруге болады.

39. Электрондық құжаттағы ЭЦҚ ашық кілтінің тиесілілігі мен жарамдылығын растауды тексеру ҰКО АКҚҚ пайдалана отырып, қол қоюшы тараптың тіркеу куәлігінде қамтылған ашық кілтті қолдану жолымен жүргізіледі. ЭЦҚ тексеруді техникалық іске асыру ақпараттық жүйенің иеленушісіне жүктеледі.

40. ЭЦҚ немесе тіркеу куәлігі уақыт белгісін тексеруді қоспағанда жоғарыда сипатталған тексерулер критерийлері талаптарының біреуіне сәйкес келмеген жағдайда, ЭЦҚ немесе тіркеу куәлігі жарамсыз болып саналады.

41. ЭЦҚ ашық кілтінің немесе тіркеу куәлігінің тиесілілігі мен жарамдылығын тексеруді техникалық іске асыру ҰКО АКҚҚ қолдана отырып, әзірлеудің жоғары деңгейдегі функцияларын пайдалану арқылы ақпараттық жүйеге жүктеледі.

Қазақстан Республикасының ұлттық  
куәландырушы орталығының тіркеу  
куәліктерін беру, сақтау, кері  
қайтарып алу және электрондық  
цифрлық қолтаңба ашық кілтінің  
тиесілілігі мен жарамдылығын

растату қағидаларына

1-қосымша

Нысан

# ҰҚО тіркеу куәліктерін беруге өтініш (жеке тұлғадан)

Бірегей нөмірі

Тіркеу куәліктері берілетін жеке тұлғаның сәйкестендіру деректері:

ЖСН: \_\_\_\_\_

Тегі: \_\_\_\_\_

Аты: \_\_\_\_\_

Әкесінің аты (болған кезде): \_\_\_\_\_

Облыстың атауы: \_\_\_\_\_

Қала: \_\_\_\_\_

Электрондық пошта мекенжайы: \_\_\_\_\_

Телефон: \_\_\_\_\_

Тіркеу куәліктерінің жарамдылық мерзімі: 1 жыл.

Тиісті тіркеу куәліктерінің саясатымен таныстым, қарсылығым жоқ.

Электрондық цифрлық қолтаңбаның тиісті жабық кілтін құру үшін пайдаланылатын электрондық цифрлық қолтаңбаның құралдары туралы деректер, электрондық цифрлық қолтаңба алгоритмі стандартының және ашық кілт ұзындығының белгіленді:

ҰҚО АҚКҚ (ЭЦҚ) - RSA 2048 Бит, Бірдейлестіру - RSA 2048 Бит)

Қ о л т а ң б а н ы ң а ш ы қ к і л т і :

Б і р д е й л е с т і р у д і ң а ш ы қ к і л т і :

Қ о с ы м ш а а қ п а р а т қ а а р н а л ғ а н о р ы н :

ҰҚО пайдаланушылық келісімімен таныстым және тіркеу куәліктерін алу мақсатында менің дербес деректерімді өңдеуге және электрондық поштаға хабарламаларды алуға келісім беруімді растаймын.

ҰҚО жүгіну күні 20 жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_

Жеке тұлғаның (жеке тұлға өкілінің) қолы \_\_\_\_\_

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң ұ л т т ы қ  
к у ә л а н д ы р у ш ы о р т а л ы ғ ы н ы ң т і р к е у  
к у ә л і к т е р і н б е р у , с а қ т а у , к е р і  
қ а й т а р ы п а л у ж әне э л е к т р о н д ы қ  
ц и ф р л ы қ қ о л т а ң б а а ш ы қ к і л т і н і ң  
т и е с і л і л і г і м е н ж а р а м д ы л ы ғ ы н  
р а с т а у қ а ғ и д а л а р ы н а

2-қосымша



Нысан

**ҰҚО тіркеу куәліктерін беруге өтініш  
(заңды тұлға және қызметін бірлескен кәсіпкерлік түрінде жүзеге  
асыратын дара кәсіпкер атынан)**

Бірегей нөмірі

Заңды тұлғаның сәйкестендіру деректері:

БСН:

Ұйымның атауы немесе ДК: \_\_\_\_\_

Атына тіркеу куәлігі берілетін заңды тұлға қызметкерінің  
сәйкестендіру деректері:

ЖСН:

Тегі:

Аты:

Әкесінің аты (болған кезде): \_\_\_\_\_

Облыстың атауы: \_\_\_\_\_

Қала:

Электрондық пошта мекенжайы: \_\_\_\_\_

Телефон: \_\_\_\_\_

Тіркеу куәліктерінің жарамдылық мерзімі: 1 жыл.

Тиісті тіркеу куәліктерінің саясатымен таныстым, қарсылығым жоқ.

Электрондық цифрлық қолтаңбаның тиісті жабық кілтін құру үшін  
пайдаланылатын электрондық цифрлық қолтаңбаның құралдары туралы  
деректер, электрондық цифрлық қолтаңба алгоритмі стандартының және  
ашық кілт ұзындығының белгіленді:

ҰҚО АҚҚҚ (ЭЦҚ – МЕМСТ 34.310-2004 512 Бит, Бірдейлестіру - RSA 2048  
Б и т )

Қолтаңбаның ашық кілті:

Бірдейлестірудің ашық кілті:

Қосымша ақпаратқа арналған орын:

ҰҚО пайдаланушылық келісімімен таныстым және тіркеу куәліктерін алу  
мақсатында менің дербес деректерімді өңдеуге және электрондық поштаға  
хабарламаларды алуға келісім беруімді растаймын.

ҰҚО жүгіну күні 20 жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_

Заңды тұлға немесе ДК қызметкерінің (заңды тұлға немесе ДК өкілінің) қолы \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасының ұлттық  
куәландырушы орталығының тіркеу  
куәліктерін беру, сақтау, кері  
қайтарып алу және электрондық  
цифрлық қолтаңба ашық кілтінің  
тиесілілігі мен жарамдылығын  
растату қағидаларына  
3-қосымша

Нысан

**ҰКО тіркеу куәліктерін бір рет алуға немесе кері қайтарып  
алуға заңды тұлғадан сенімхат**

\_\_\_\_\_, 20 жылғы « » \_\_\_\_\_  
( е л д і м е к е н н і ң а т а у ы )  
\_\_\_\_\_, БСН \_\_\_\_\_,  
( з а ң д ы т ұ л ғ а н ы ң а т а у ы )

заңды мекенжайы: \_\_\_\_\_,  
\_\_\_\_\_ атынан Жарғы  
(Ереже) негізінде әрекет ететін азамат  
\_\_\_\_\_,  
(тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде), туған жылы және орны,  
м е к е н ж а й ы )

ЖСН \_\_\_\_\_  
заңды тұлғаның қызметкерлері үшін ҰКО тіркеу

\_\_\_\_\_ (беруге немесе кері қайтаруға)  
құжаттарды беруге уәкілеттік береді:

1. \_\_\_\_\_,  
(тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде)) (қолы)

ЖСН \_\_\_\_\_  
2. \_\_\_\_\_,  
(тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде)) (қолы)

ЖСН \_\_\_\_\_  
3. \_\_\_\_\_,  
(тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде)) (қолы)

ЖСН \_\_\_\_\_

4. \_\_\_\_\_,  
(тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде)) \_\_\_\_\_ (қолы)

ЖСН \_\_\_\_\_

Өкілге осы сенімхатта анықталған тапсырманы орындау үшін куәландырушы орталықтың тиісті құжаттарына қолын қою құқығы беріледі.

Басшы \_\_\_\_\_  
(қолы) \_\_\_\_\_ (аты, тегі)

МО (болған кезде)

Қазақстан Республикасының ұлттық  
куәландырушы орталығының тіркеу  
куәліктерін беру, сақтау, кері  
қайтарып алу және электрондық  
цифрлық қолтаңба ашық кілтінің  
тиесілілігі мен жарамдылығын  
расталу қағидаларына  
4-қосымша

Нысан

## Интернет-ресурстың домендік атауын иеленушілерге

### ҰКО тіркеу куәлігінің SSL беруге өтініш

(жеке тұлғаның атынан)

Бірегей нөмірі

Атына тіркеу куәлігі берілетін жеке тұлғаның сәйкестендіру деректері:

ЖСН: \_\_\_\_\_

Тегі: \_\_\_\_\_

Аты: \_\_\_\_\_

Әкесінің аты (болған кезде): \_\_\_\_\_

Облыстың атауы: \_\_\_\_\_

Қала: \_\_\_\_\_

Электрондық пошта мекенжайы: \_\_\_\_\_

Телефон: \_\_\_\_\_

Домендік атау: \_\_\_\_\_

Қосымша домендік атаулардың тізімі: \_\_\_\_\_

Base64 форматындағы PKCS#10 сұрау салу:

*Base64 форматындағы сұрау салу*

Тіркеу куәлігінің жарамдылық мерзімі: 1 жыл.

ҚР ҰКО тіркеу куәлігінің саясатымен таныстым, қарсылығым жоқ.

ҰКО пайдаланушылық келісімімен таныстым және тіркеу куәліктерін алу

мақсатында менің дербес деректерімді өңдеуге және электрондық поштаға хабарламаларды алуға келісім беруімді растаймын.

ҰҚО жүгіну күні 20 жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_

Жеке тұлғаның (жеке тұлға өкілінің) қолы \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасының ұлттық  
куәландырушы орталығының тіркеу  
куәліктерін беру, сақтау, кері  
қайтарып алу және электрондық  
цифрлық қолтаңба ашық кілтінің  
тиесілілігі мен жарамдылығын  
растату қағидаларына  
5-қосымша

Нысан

## Интернет-ресурстың домендік атауын иеленушілерге

### ҰҚО тіркеу куәлігінің SSL беруге өтініш

#### (заңды тұлғаның атынан)

Бірегей нөмірі

Заңды тұлғаның сәйкестендіру деректері:

БСН: \_\_\_\_\_

Ұйымның атауы: \_\_\_\_\_

Атына тіркеу куәлігі берілетін заңды тұлға қызметкерінің  
сәйкестендіру деректері:

ЖСН: \_\_\_\_\_

Тегі: \_\_\_\_\_

Аты: \_\_\_\_\_

Әкесінің аты (болған кезде): \_\_\_\_\_

Облыстың атауы: \_\_\_\_\_

Қала: \_\_\_\_\_

Электрондық почта мекенжайы: \_\_\_\_\_

Телефон: \_\_\_\_\_

Домендік атау: \_\_\_\_\_

Қосымша домендік атаулардың тізімі: \_\_\_\_\_

Base64 форматындағы PKCS#10 сұрау салу:

*Base64 форматындағы сұрау салу*

Тіркеу куәлігінің жарамдылық мерзімі: 1 жыл.  
Тіркеу куәлігінің саясатымен таныстым, қарсылығым жоқ.  
ҰҚО пайдаланушылық келісімімен таныстым және тіркеу куәліктерін алу мақсатында менің дербес деректерімді өңдеуге және электрондық поштаға хабарламаларды алуға келісім беруімді растаймын.

ҰҚО жүгіну күні 20 жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_

Заңды тұлға қызметкерінің (заңды тұлға өкілінің) қолы \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасының ұлттық  
куәландырушы орталығының тіркеу  
куәліктерін беру, сақтау, кері  
қайтарып алу және электрондық  
цифрлық қолтаңба ашық кілтінің  
тиесілілігі мен жарамдылығын  
растату қағидаларына  
б-қосымша

Нысан

### ҰҚО тіркеу куәлігін беруге өтініш

(«Қазынашылық-Клиент» АЖ пайдаланушылары үшін заңды тұлғаның атынан)

Бірегей нөмірі

Заңды тұлғаның сәйкестендіру деректері:

БСН: \_\_\_\_\_

Ұйымның атауы: \_\_\_\_\_

Атына тіркеу куәлігі берілетін заңды тұлға қызметкерінің сәйкестендіру деректері:

ЖСН: \_\_\_\_\_

Тегі: \_\_\_\_\_

Аты: \_\_\_\_\_

Әкесінің аты (болған кезде): \_\_\_\_\_

ММ/МБС коды: \_\_\_\_\_

Рөлі: \_\_\_\_\_

Облыстың атауы: \_\_\_\_\_

Қала: \_\_\_\_\_

Электрондық пошта мекенжайы: \_\_\_\_\_

Телефон: \_\_\_\_\_

Тіркеу куәлігінің жарамдылық мерзімі: 1 жыл.  
 Тіркеу куәліктердің саясатымен таныстым, қарсылығым жоқ.  
 Электрондық цифрлық қолтаңбаның тиісті жабық кілтін құру үшін пайдаланылатын электрондық цифрлық қолтаңбаның құралдары туралы деректер, электрондық цифрлық қолтаңба алгоритмі стандартының және ашық кілт ұзындығының белгіленді:  
 ҰКО АҚКҚ (ЭЦҚ – МЕМСТ 34.310-2004 512 Бит, Бірдейлестіру - RSA 2048 Б и т )  
 Қ о л т а ң б а н ы ң а ш ы қ к і л т і :

Бірдейлестірудің а ш ы қ к і л т і :

Қосымша ақпаратқа арналған орын:

ҰКО пайдаланушылық келісімімен таныстым және тіркеу куәліктерін алу мақсатында менің дербес деректерімді өңдеуге және электрондық поштаға хабарламаларды алуға келісім беруімді растаймын.

ҰКО жүгіну күні 20 жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_

Заңды тұлға қызметкерінің (заңды тұлға өкілінің) қолы \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасының ұлттық куәландырушы орталығының тіркеу куәліктерін беру, сақтау, кері қайтарып алу және электрондық цифрлық қолтаңба ашық кілтінің тиесілілігі мен жарамдылығын растау қағидаларына  
 7-қосымша

## Тіркеу куәлігін беру құрылымдары

Бағыныстылығы басқаға берілген ҰКО тіркеу куәлігінің құрылым (RSA алгоритмінде)

Өріс	Сипаттамасы	OID, маңыздылығы	Мазмұны
Тіркеу куәлігінің X.509 v3 форматындағы негізгі өрістері			
Version	X.509 стандартының нұсқасы	-	V3
Serial Number	Тіркеу куәлігінің сериялық нөмірі	-	Оң, бүтін сан (20 байттан артық емес)
Signature Algorithm	Қолтаңба алгоритмі	1.2.840.113549.1.1.11	sha256WithRSAEncryption
			CN = НЕГІЗГІ КУӘЛАНДЫРУШЫ ОРТАЛЫҚ (RSA)

Issuer	Тіркеу куәлігін шығарушының деректері	CN=2.5.4.3 O=2.5.4.10 C=2.5.4.6	O = РМК «МЕМЛЕКЕТТІК ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ» C = KZ
Validity from	Қолданылу мерзімінің басталу уақыты	UTC TIME	ҮҮММДДННММSSZ UTC бастап жарамды
Validity to	Қолданылу мерзімінің аяқталу уақыты	UTC TIME	ҮҮММДДННММSSZ UTC дейін жарамды
Subject	Тіркеу куәлігін иесінің деректері	C = 2.5.4.6 L = S = 2.5.4.8 O = 2.5.4.10 CN = 2.5.4.3	2.5.4.7 C = KZ (міндетті өріс) L = АСТАНА (міндетті өріс) S = АСТАНА (міндетті өріс) O = РМК «МЕМЛЕКЕТТІК ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ» (міндетті өріс) CN = ҰЛТТЫҚ КУӘЛАНДЫРУШЫ ОРТАЛЫҚ (RSA) (міндетті өріс)
Public Key	Ашық кілт	1.2.840.113549.1.1.1	Мәні
Тіркеу куәлігінің X.509 v3 форматындағы қосымша өрістері			
Subject Key Identifier	Субъекті кілтін сәйкестендіруші	2.5.29.14	Субъекті кілтін сәйкестендірушінің он алты санмен белгіленген форматтағы мәні
Authority Key Identifier	Сертификаттау орталығының кілтін сәйкестендіруші	2.5.29.35	Сертификаттау орталығы кілтін сәйкестендірушінің он алты санмен белгіленген форматтағы мәні
Basic Constraints	Негізгі шектеулер	2.5.29.19, critical	Субъекта түрі = Сертификаттау орталығы Жол ұзындығына шектеу = Жоқ
Key Usage	Кілтті пайдалану	2.5.29.15, critical	Тіркеу куәлігіне қол қою, Кері қайтарып алу тізіміне автономды қол қою (CRL), Кері қайтарып алу тізіміне қол қою (CRL) (06)
Certificate Policy	Тіркеу куәлігінің саясаты	2.5.29.32	[1] Тіркеу куәлігінің саясаты: Саясаттың сәйкестендірушісі =1.2.398.3.3.1.1 [1,1] Саясатты мамандандырушының мәліметтер: Саясатты мамандандырушыны сәйкестендіргіш = C P S Мамандандырушы: <a href="http://pki.gov.kz/cps">http://pki.gov.kz/cps</a>
Certificate Authority Information Access	Сертификаттау орталықтары туралы ақпаратқа қолжетімділік	1.3.6.1.5.5.7.1.1	[1] Сертификаттау орталығының мәліметтеріне қол жетімділік Қол жеткізу әдісі = Сертификаттау орталығының жеткізгіші (1.3.6.1.5.5.7.48.2) Қосымша атауы: URL= <a href="http://root.gov.kz/cert/root_rsa.cer">http://root.gov.kz/cert/root_rsa.cer</a>
Crl Distribution Points	Кері қайтару тізімін тарату нүктесі	2.5.29.31	[1] Кері қайтару тізімін бөлу нүктесі (CRL) Тарату нүктесінің атауы: Т о л ы қ а т а у ы : URL= <a href="http://crl.root.gov.kz/rsa.crl">http://crl.root.gov.kz/rsa.crl</a> URL= <a href="http://crl1.root.gov.kz/rsa.crl">http://crl1.root.gov.kz/rsa.crl</a>
Digital Signature	Сертификаттау орталығының цифрлық қолтаңбасы (2048 бит)	1.2.840.113549.1.1.11	Мәні

## Бағыныстылығы басқаға берілген ҰКО тіркеу куәлігінің құрылысым (MEMST алгоритмінде)

Өріс	Сипаттамасы	OID, маңыздылығы	Мазмұны
Тіркеу куәлігінің X.509 v3 форматындағы негізгі өрістері			
Version	X.509 стандартының нұсқасы	-	V3
Serial Number	Тіркеу куәлігінің сериялық нөмірі	-	Оң, бүтін сан (20 байттан артық емес)
Signature Algorithm	Қолтаңба алгоритмі	1.2.398.3.10.1.1.1.2	MEMST 34.310-2004
Issuer	Тіркеу куәлігін шығарушының деректері	CN=2.5.4.3 O=2.5.4.10 C=2.5.4.6	CN = НЕГІЗГІ КУӘЛАНДЫРУШЫ ОРТАЛЫҚ (GOST) O = РМК «МЕМЛЕКЕТТІК ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ» C = KZ
Validity from	Қолданылу мерзімінің басталу уақыты	UTC TIME	ҮҮММDDHHMMSSZ UTC бастап жарамды
Validity to	Қолданылу мерзімінің аяқталу уақыты	UTC TIME	ҮҮММDDHHMMSSZ UTC дейін жарамды
